

**Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 161 "Мақат ауданының тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесін құру және Ережесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 шілдедегі № 133 қаулысы "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі Заңының 26 бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 161 "Мақат ауданының тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесін құру және Ережесін бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3278 санымен тіркелген, аудандық "Мақат тынысы" газетінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 26 санында жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. "Мақат ауданының тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылсын."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Ж. Бұхарбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Аудан әкімі*

*Б. Сәрсенғалиев*